

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 23 (39),
желтоқсан
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
Тәуелсіздігі күні

Құрметті ембіліктер!

Биыл тәуелсіздік алғанымызға 28 жыл толып отыр. Егемендікке қол жеткізген сонау 1991 жылдан бері Қазақ елі дамудың даңғыл жолынан өтті. Небір қиын кезеңдер мен ауыртпалықтарды бастан кешіргені рас. Биік асуларды бағындырып, жетістіктерге қол жеткізгені де шындық. Әлбетте, осы шаруаның ешбірі оңайға түскен жоқ. Сондықтан, тәуелсіз мемлекеттік жүріп өткен жолын қайта бағамдау – маңызды және тағылымды іс. Соның ішінде, егемендік алған сәттен еліміздің саяси, мәдени өмірі мен әлеуметтік инфрақұрылымында орын алған өзгерістерді ерекше атап өтуге болады.

Еліміздің қол жеткізген жетістіктерінде қазақстандық мұнайшылардың, соның ішінде, ембіліктердің қосқан үлесі зор екендігін мақтанышпен айтамыз. Компанияның ресми тарихы басталған 1922 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Ембімұнайгаз» АҚ еліміздің гүлденіп, дамуына сүбелі үлес қосып келеді.

Биыл Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өттік. Осынау уақыт бұрын қасиетті Қарашұңгіл жеріндегі №7 ұңғымада Қазақстан мұнайы тарихында ең алғаш рет мұнай фонтаны атқылап, елімізде мұнай-газ индустриясы бастау алды. Алғашқы мұнайды игеру ембілік мұнайшылардың өншісіне бұйырды. Ал, Ембі геологтары Батыс Қазақстандағы ең ірі көмірсутек кен орындарын - Теңіз, Өзен, Маңғышлақ,

Прорва, Кенбай және басқаларын ашқанын мақтанышпен айтамыз. Осылайша, Ембі мұнайының тарихы Тәуелсіздік шежіресімен бірге өрілді.

Бастапқы жылдары еңбек еткен мұнайшыларға жасалған жағдай мен бүгінгі ахуалды салыстыруға мүлдем келмейді. Бүгінде мұнай өндіру және өңдеу саласында өзгерістер көп. Техника мен технология жаңарды. Өндірістің өрлеу үрдісі үздіксіз жалғасып, мұнай өндіру қарқыны Тәуелсіздік жылдарында елімізде өркеніетті өзгертіп, тұрмысымызды түзеп, экономикамыздың еңсе тіктеуіне жол ашты.

Қазіргі таңда Компанияда геологиялық барлау, өндірісті цифрландыру жобаларын енгізу, бизнес-үдерістерді оңтайландыру және өндірістік нысандардың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар жүріп жатыр.

Сол арқылы Ембі өзінің ұйымшыл ұжымының жағдайын жақсартып, алдағы уақытта да еліміздің өркендеуіне атсалыса бермек.

Баршаңызды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық болып, отбасыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, елімізге ырыс-береке, тілеймін!

**Ізгі тілекпен,
Ә.ЖАҚСЫБЕКОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы**

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

ҚМГ су қағидаттары

Су – тіршілік көзі, сусыз тіршілік жоқ.

Біз суды күнделікті мұнай өндіруден бастап оны өңдеуге дейінгі процесс барысында үнемі пайдаланамыз. Солай бола тұра, судың күнделікті тіршілік үшін қаншалықты қажет екенін, оның қандай құнды екенін естен шығармауымыз қажет. Компанияның әрбір жұмыскері оны сақтауға үлес қосуы тиіс және зор үлесін қоса да алады. Осы орайда, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында су ресурстарын бас-

қару жөніндегі негізгі қағидаттарын белгіледі:

1. Біз судың адамның өмірі мен денсаулығы үшін, қоғам мен біздің өндірістік қызметіміз үшін аса құнды екенін ұғына отырып, еліміздің су ресурстарына ұқыпты және ұтымды қараудың маңызды екенін мойындаймыз;

2. ҚР заңнамасының талаптарын орындауға ғана емес, халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерге де сәйкес келуге, сондай-ақ, өңірдегі барлық мүдделі тараптардың пікірлерін ескеруге де ұмтыламыз;

3. Басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде және операцияларды басқару кезінде тұщы суды сақтау мен оны пайдаланудың тиімділігі мәселелерін ескереміз;

4. Судың тікелей тартылуына немесе делдалдар арқылы сатылуына байланыссыз бастапқы су тарту көздерін ұғынамыз және бағалаймыз;

5. Ауызсуды өндірістік мақсаттарда пайдаланбауға тырысамыз.

6. Су тарту мен су бұруды 100% аспаптық есепке алуға ұмтыламыз.

7. Біз су айналымы мен су үнемдеу технологияларын енгізу есебінен

балғын суды тартуды барынша қысқартуға және суды мүмкіндігінше барынша қайта пайдалану үшін суды тазалау сапасын арттыруға тырыса отырып, суды ағызу көлемін төмендетуге ұмтыламыз;

8. Су ресурстарын басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру үшін озық тәжірибелерді зерделеу мақсатында су ресурстары аясындағы халықаралық бастамаларды қолдау арқылы және салалық қауымдастықтарға қатыса отырып, әлеуетімізді арттырамыз. **Е**

Ілеспе мұнай газын кәдеге жарату ең жоғары деңгейге жетті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы бойынша ілеспе мұнай газын кәдеге жарату деңгейі 2018 жылы 93%-ға жетті. Бұл компания тарихындағы ең жоғары көрсеткіш. Мұндай деректер ҚМГ-нің 2018 жылғы Орнықты даму туралы есебінде келтіріледі. Құжатта ұлттық компанияның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы қызметі туралы ақпарат берілген.

Есепке сәйкес, газды жағу көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1000 тоннасына 6 тонна деңгейіне сәйкес келеді. Бұл Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығының орташа әлемдік көрсеткішінен 50%-ға төмен (орташа көрсеткіш – 12,1). Мұндай көрсеткішке қол жеткізу Прорва кен орындары тобында газды кешенді өңдеу қондырғысын орнатудың арқасында мүмкін болды. Нәтижесінде Прорва кен орындарындағы қондырғының іске қосылуына байланысты алаудан шығатын парниктік газдардың тікелей көлемі 80%-ға азайып, 41,5 мың тоннаны құ-

рады (2017 жылы 211,6 мың тоннаны құраған). 2030 жылға дейін ҚМГ компаниялар тобы тұрақты ІМГ алаулатып жағу практикасын толық тоқтатуды жоспарлап отыр.

Компания жыл сайын кәдеге жаратудың жаңа нысандарын салады, өндірістерді қайта жаңартады, құбырлар мен инфрақұрылым құрылысына инвестициялар салады. Мысалы, пайдалануға берілген Ақтөбе облысындағы Қожасай кен орнында газды кешенді өңдеу қондырғысы алауларда газды жағу мөлшерін 173 млн м3-ден 50 млн м3-ге дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, компания қоршаған ортаны қорғауға қажетті ресурстарды бөледі, атап айтқанда нормативтік эмиссиялар үшін салық төлеуді, табиғатты қорғау іс-шараларына, сақтандыруға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өтемақы іс-шараларына, қоршаған ортаға әсерді болдырмауға арналған инвестицияларға және т.б. қамтитын экологиялық шығындарды өтейді. **Е**

www.kmg.kz

ҚМГ және Татнефть Ынтымақтастық жөніндегі жол картасына қол қойды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және «Татнефть» ЖАО бас директоры Наиль Наганов «Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласына «Татнефть» ЖАО-ның озық тәжірибесін енгізуді қамтамасыз ету жөніндегі жол картасына» қол қойды. Құжатты іске асыру мерзімі – 2020 жыл.

Нұр-Сұлтан қаласында өткен кездесу барысында ҚМГ және «Татнефть» басшылары серіктестікті ұйымдастыру жолдарын, оның ішінде Қазақстан аумағында бірлескен кәсіпорын құру мәселесін талқылады.

Тараптар Татарстан мамандары ҚМГ-ның қолданыстағы өндірістік жүісін, процестерді ретке келтірудің тиімділігін талдайды; ұңғымаларды күрделі жөндеу супервайзингін енгізу, диагностика мен ақауларды анықтау, экологиялық аудит жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша келіс береді деп келісті.

Күрделі шығарылатын қорлары бар кен орындарды игеруде мол тәжірибе жинаған «Татнефть» компаниясы «Шығыс Молдабек» учаскесінде SAGD

жүйесінің технологиялары бойынша тұтырлығы жоғары мұнай игеруді ұйымдастыру саласында ұлттық оператормен өзара ықпалдастықты бастайды.

Жол картасы шеңберінде ҚМГ ескірген кен орындары туралы геологиялық, технологиялық және экономикалық ақпарат ұсынғаннан кейін оларды игеруге «Татнефть» компаниясының ықтимал қатысуы туралы мәселе қарастырылатын болады.

- Бүгін қол қойылған Жол картасы біздің ынтымақтастығымызды жаңа деңгейге көтеретініне сенімдімін. Құжат екі елдің мұнай-газ компаниялары арасындағы қарым-қатынастың одан әрі нығаюына септігін тигізеді, - деді ҚМГ басшысы Алик Айдарбаев.

Еске сала кетейік, 2019 жылдың 10 шілдесінде ҚМГ және «Татнефть» арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум ынтымақтастықтың болжамды бағыттарын белгіледі. Жол картасы екі компания ниетінің орынды жалғасы болып табылады және өзара іс-қимылдың негізгі салаларын нақтылай түсті. **Е**

www.kmg.kz

Майталман мұнайшының атындағы орталық ашылды

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде майталман мұнайшы Нұрлан Балғымбаевтың есімін иеленген даму және коммуникация орталығы ашылды. Ғимараттың ашылу салтанатына қатысқан Н.Балғымбаевтың жұбайы Нағима Балғымбаева, Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, KAZENERGY ассоциациясы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин, ҚР Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі Махамбет Досмұхамбетов орталықтың лентасын қиды.

Орталықтың ашылу салтанатында сөз алған Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев мұнайлы өңірде заманауи орталықтың ашылуы университетке үлкен қолдау болуымен қатар, білім ордасының басшылығы мен оқытушыларына, студенттеріне үлкен жауапкершілік жүктейтінін айтып өтті.

Даму және коммуникация орталығының ашылуында сөз алған С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің директорлар кеңесінің төрағасы, KAZENERGY ассоциациясы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин майталман мұнайшы Нұрлан Балғымбаевтың еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтіп, орталықтың ашылуына бастама көтерген Балғымбаевтар отбасына, ұсынысқа қолдау көрсеткен облыс басшылығына барша мұнайшылар атынан алғыс айтты.



Бұдан соң шара жалғасы «Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында нарықтық экономиканың қалыптасуындағы мұнай-газ саласының орны» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласты. ҚР Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі М.Досмұхамбетов ел экономикасының дамуының күретаымына айналған мұнай-газ секторының кешегісі мен бүгінгі жағдайына кеңірек тоқталды.

Салтанатты шарада сөз алған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Нұрлан Балғымбаев өзінің бар білімін, тәжірибесін ел экономикасының дамуына арнағанын баяндай отырып, ұлттық компания құрып, оның әлемдік жобаларға қатысуы жолында үлкен еңбек сіңіргенін ерекше атап өтті.

– Қарапайым мұнайшыдан мұнай министрі, Үкімет басшысына дейінгі үлкен өмір баспалдағынан өткен Нұрлан Өтепұлының ғибратты ғұмыры туған еліне арналды. Оның өмір жолын өнеге ету, рухына тағзым ету – бүгінгінің парызы! Бүгін ашылып отырған орталық осының бір айғағы десек болады. Мұнда жас мұнайшылар кәсіпті, озық технологияларды меңгеріп қана қоймай, болашақта мұнай қайраткерлерінің қалыптасуына жол салады деп сенеміз, – деді өз сөзінде А.Айдарбаев, - деді А.Айдарбаев.

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің 3-курс

студенті Заид Нұртас аға буынның өздеріне артқан сенімін ақтау жолында білім ордасының жастары бар күш-жігерлерін жұмсайтындықтарын айтып, жиналғандарға жастардың шексіз алғысын жеткізді. Н.Балғымбаевтар отбасы атынан сөз алған Нағима Балғымбаева орталықтың символикалық кілтін аталмыш оқу ошағының 3-курс студенттеріне табыс етті.

Бұдан соң жиналғандарды орталықтың жұмысымен таныстыру үшін шағын экскурсия ұйымдастырылды.

Үш қабатты ғимараттан тұратын орталық заман талабына сай толықтай жабдықталған. Нақтыласақ, интерактивті мұражай, лингафондық кабинет және оқу залдары, виртуалды кітапхана жасақталған. Интерактивті мұражайда қазақ елінің мұнай-газ саласының тарихы кеңінен көрініс табуымен қатар,

болашақтың еншісіндегі ірі жобаларды жүзеге асыру барысы да бейнеленген. Қазақ елінің мұнай-газ саласының қалыптасып, дамуына зор еңбектері сіңген мұнайшылар әулеттерінің есімдері көрсетілген бұрыш та жиналғандарды қызықтырды. Виртуалды кітапхананы пайдаланушы студенттер талай майталман мұнайшылар түлеп ұшқан И.М.Губкин атындағы университеттің кітапханасының базасына қосылған. Демек, атыраулық студенттер үшін ресейлік кітапхананың оқу залдары қолжетімді, мұнда қазақстандық студенттер Ресей мұнай және газ университетінің электронды ресурстарымен таныса алу мүмкіндігіне ие болып отыр. Сонымен қатар, атыраулық жастар су астындағы мұнай құбырларын дәнекерлеу үшін виртуалды режим арқылы тәжірибеден де өте алады. **Е**



Көшбасшылыққа – сыбайлас жемқорлықсыз!



«Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде Компанияның басқару аппараты ұжымның Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша Ұлттық бюро департаменті басшылығымен кездесуі өтті.

- Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшылығы 2050 жылы әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру мақсатын алға

қойды. Бұл міндетті экономика мен қоғамдық саладағы сыбайлас жемқорлықты жоюсыз іске асыру мүмкін емес. Осыған байланысты мемлекет деңгейінде және «Нұр Отан» партиясымен бірлескен сыбайлас жемқорлыққа, оның ішінде квазимемлекеттік сектордағы жемқорлықты жою бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Қазақстан қоғамында

сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сананы қалыптастыру бойынша жүйелі қызмет жүргізілуде, - деп атап өтті өз сөзінде ЕМГ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Бауыржан БАЛЖАНОВ.

Шара барысында Департамент жетекшісінің орынбасары Р.Төлешов, аталған департаментінің парасаттылық басқармасының басшысы Ж.Қаража-

нов және «Атырау - адалдық алаңы» жобалық кеңесінің жетекшісі А.Адиева мемлекеттік және экономиканың квазимемлекеттік секторларындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жою және алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Кездесу соңында ЕМГ қызметкерлері сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар ала білді. **Е**



Оқу орындарымен серіктестік

«Ембімұнайгаз» компаниясы өнеркәсіптік қызметімен қоса, әлеуметтік жобаларға, соның ішінде, отандық мұнай-газ саласына қазақстандық мамандарды даярлауға белсене үлес қосып

келеді. Осы орайда, Компания 2015 жылдан бастап жүзеге асып келетін Дуалды оқыту бағдарламасы аясында бірқатар оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып келеді.

Осы ынтымақтастық аясында жуырда Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің бір топ ұстаздары «Ембімұнайгаз» АҚ-на келіп, кәсіпорынның жұмыс барысымен танысты.

- Дуалды оқыту бағдарламасы аясында соңғы төрт жыл ішінде Атырау мұнай және газ университетінің 73 студенті оқумен қатар, ЕМГ өндірістік бөлімшелерінде тәжірибеден өтті. Олар оқу орындарын тәмамдаған соң дипломмен қоса, қолдарына еңбек кітапшаларын алды. Тестілеу сынақтарының қорытындысымен жоғары балл жинаған 31 студент Компанияға жұмысқа орналасты. Олар Компанияға қарасты Атырау облысының 4 ауданындағы мұнай-газ өндіру басқармаларында Мұнай және газ өндіру операторы, Ұңғыларды зерттеу операторы, Тауар операторы мамандықтары бойынша еңбек етуде. Қазіргі таңда аталған жоғары оқу орнының 19

студенті Дуалды оқыту бағдарламасы бойынша білім алуда, - деді университеттің ұстаздарымен кездесуде ЕМГ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ.

Компанияға сапар барысында мұнай-газ саласына мамандар даярлайтын ұстаздар Өндірістік процесті бақылау орталығында болды.

«Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Болат НСАНБАЕВ «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасымен таныстырып, Уз кен алаңында енгізілген және қазіргі таңда өзге де кен орындарына таратылып жатқан концепция туралы толығырақ айтып берді.

Сонымен қатар, қонақтар ЕМГ интерактивті мұражайында болып, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік нысандарының жұмысымен танысты. **Е**



Ембі жобалары

Бір ұңғының тарихы

2000 жылы С.Нұржанов алаңындағы № 513 ұңғымасы 3200 метрге қазылып болып, 168 мм ұстын түсіріліп, ұстынды бекіту ерітіндісі айдалып жатқанды. Кенеттен аяқ астынан ұңғыдан таза газ бұрқағы пайда болып, арты ашық бұрқаққа ұласты. Аварияны бұғалақтауға сол кездегі Құлсары ҰКЖ басқармасының мамандары өз күштерімен күні-түні толассыз жұмыс жасады.

Бес күн бойы 220-280 атм қысыммен айдалған салмағы 1,19 г/см³ ауыр су, 200м³ текше метр су өз жемісін беріп, ұңғы тұншықтырған болатын. Кейін газдың шығу тереңдігін анықтау мақсатында ұңғыға ГИС приборы жіберіліп, нәтижесінде 1738 метр тереңдікте 168 мм ұстынның муфта резбасынан «пропуск» анықталды. Цемент ерітіндісімен бітеуге келмейді. Қабылдауы нашар, це-

мент ерітіндісі ұстын ішінде қатып қалу қаупі жоғары. Ол кезде қазіргідей ПРО-ЯМО пакері жоқ. Сөйтіп, ұңғыны жою мәселесі күн тәртібіне қойылды.

Сол кездегі Құлсары ҰКЖ басқармасы бас маманы Амангелді Ермекбаевтың ұсынысы ұңғыны аман алып қалуға ықпал етті. Оның ұсынысы сол ұңғыға арнайы ойлап тапқан механикалық «двойной» пакерін фонтандық ілмекпен жіберіп, 1738 метрдегі тесікті астынан және үстінен оқшаулап тастау болатын. Ары қарай ұңғыны ойнату болатын. Ұсыныс жүзеге асып, ұңғы жойқын фонтан берді.

2003 жылы ұңғы суланып, күрделі жөндеуге тапсырыс берілді. Амангелді Ермекбаев бастаған бас мамандар ұңғының бұрынғы апаттық жағдайын алға тартып және «двойной» пакердің

механизмінің күрделілігін ескере келе, ұңғыны тұншықтыру оңайға соқпайтынын дәлелдей отырып, жөндеуден бас тартты.

Сол жылы ҰКЖ басқармасы тарап, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС қарамағына ұңғыларды жөндеу цехы болып өтті. 2003-2011 жылдар аралығында 513 ұңғысы жұмыс жасамай тұрды.

Тек 2011 жылдың наурыз айында Қалдыбек Қосымбаевтың ұсынысымен және өзінің араласуымен Абзал Баймағамбетов, Нұрсайын Айтқалиев сынды ұңғыны күрделі жөндеу жұмыстарының білікті мамандары 513 ұңғыны апаттық жағдайдан сәтті алып шықты. Алайда, пакерді ашу кезінде сорғы компрессорлық құбыры (НКТ) үзіліп, ұңғы қайтадан ашық фонтандық бұрқаққа айналып, біраз әбгерге

салғаны бар. Дегенмен, жігіттердің біліктілігі істі насырға шаптырмай, ұңғыны тез бағындырып, жоспарлы жұмысты сәтті аяқтап, соңынан ұңғыны іске қосып, фонтан бергізді.

Сол атақты С.Нұржанов алаңындағы №513 ұңғысы бүгінгі таңда керемет фонтанмен әлі жұмыс жасап тұр.

Сол жігіттер бүгінгі таңда «Досормұнайгаз» жерасты жөндеу цехының бастығы Абзал Баймағамбетов, Қалдыбек Қосымбаев—«Жылыоймұнайгаз» өндірістік технология бөлімінің 1-санатты мұнай өндіру инженері, Нұрсайын Айтқалиев «Казтехмұнайсервис» ЖШС күрделі жөндеу цехының бастығы болып қызмет етуде. **Е**

Мәлік ОРЫНҒАЛИЕВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының төрағасы.

Ембінің келешекке қадамы



Қарт Ембінің көптеген кен алаңдары ғасырға жуық тарихты еңсеріп, өнім өндірудің соңғы сатысына жеткені белгілі. Дегенмен, компания дамудың даңғыл жолына түсіп, бірқатар жетістіктерге жетуде. Алайда, компанияның келешегі қалай болмақ? Алдағы онжылдықтарда кәсіпорын қазіргі даму әлеуетін сақтап қала ала ма? Міне, осы сауалдар төңірегінде біз компанияның жас департаменттерінің бірі – Келешекті дамыту департаментінің директоры Әнуарбек КАРИМОВПЕН сұхбаттастық.

- Әнуарбек Нуроллаұлы, әңгі-мемізді департаменттің құрылу мақсатынан бастасақ...

- 2015 жылы Компания қызметінде бірқатар өзгерістер бастау алып, Өндірісті келешекте дамыту департаменті құрылды. Негізгі мақсат – Материалдық-техникалық қамтамасыз ету (МТҚ), Техникалық қамту және жөндеу (ТҚЖ), Арнаулы техникаларды бөлек есептеу жобаларын жүзеге асыру. Бұл үш ірі жоба «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының цифрлық трансформациялау бағдарламасы аясында қолға алынды.

Бүгінгі таңда аталған жобалар өндірісте іске қосылып, жұмыстар жүріп жатыр. Әрбір ұжым кез келген жобаны жоспарлау, жүзеге асыру, нәтижеге қол жеткізу кезеңдерімен қоса, жұмыс процессі барысында компанияның қызметіне қарай ыңғайлауға мүмкіндік алады. Осының нәтижесінде, іске қосылған бизнес процесстерге тұрақты өзгерістер енгізіліп, нәтижелі даму үстінде.

- Яғни, Сіз айтып отырған жобалар жаңғыртылғаны соншалық, қазіргі таңда әр жобаны жеке департаменттер жүзеге асырып келеді...

- Иә, біздің департамент үш жобаны жасақтап, оларды өндірістік іске жауапты департаменттерге тапсырды. Мәселен, жоғарыда аталып өткен Материалдық-техникалық қамтамасыз ету жобасына мониторинг жүргізілуде. Ол жаңғыртылып, нәтижесінде құрылған Материалдық-техникалық қамту департаменті оны SAP жүйесінде әрі қарай дамытуда. Қазіргі уақытта қоймалардағы тауарлардың атауларын бірізділікке келтіру жұмыстары жүргізілуде. Яғни, Материалдық-техникалық қамту департаментінің қызметкерлері SAP жүйесіне кез-келген тауардың атауын енгізсе, оның қай жерде және қай қоймада тұрғанын бірден анықтай алады.

Сол сияқты, арнаулы техникаларды бөлек есептеу жобасын жүзеге асыру үшін көлік департаменті жеке департамент болып құрылды.

Ал, өндірісті автоматтандыруға бағытталған ТҚЖ алдыңғы екеуіне қарағанда күрделі және үлкен жоба болып саналады. Сондықтан, оны жан-жақты зерделеп енгізу жылдарға созылды. Соның негізінде Нормативтік-анықтамалық ақпарат департаменті құрылды.

ТҚЖ басқару жүйесі – негізгі жабдықтардың цифрлық көшірмесінде жөндеу жұмыстарын жоспарлауға мүмкіндік беретін өндірістік қызметкер құралы. Орындалған жұмыстар жүйеде тіркеліп, деректердің бәрі журналдарда емес, цифрлық таратқышта сақталады. Бір сөзбен айтқанда, аталған жүйе әр құрал-жабдықтың мерзімділігін арттыруға, сапалы жұмыс жасауына, өндіріс жұмысын тоқтатпауға мүмкіндік береді.

- Ал, қазіргі кездегі келешекте дамыту департаменті қызметінің негізгі бағыты қандай?

- Бүгінгі күні департамент құрамында 3 бөлім жұмыс жасауда, олар - стандарттау және бизнес процестерін оңтайландыру бөлімі, жобаларды басқару бөлімі және есептік жүйелер бөлімі. Негізгі қызмет түрі – стратегиялық бағыт, яғни, Компанияның барлық бизнес-бастамаларын шоғырландыру. Өздеріңіз білесіздер, Компанияның алдағы 10 жылға бағытын айқындайтын құжатты жасақтау мақсатында ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлының және барлық орынбасарларының басшылығымен ауқымды жұмыстар жүргізіліп, өткен жылы 2027 жылға дейінгі Даму тұжырымдамасы ЕМГ Директорлар кеңесінде бекітілді.

- Осы орайда, оқырмандарымыз тарапынан аталған құжатты жасақтаудың қаншалықты қажеттілігі болды деген сұрақ туындайтыны орынды...

- Жүргізілген талдау жұмыстары Ембі қорының 70%-ға таусылғанын көрсетті. Оған қоса, жаңадан ашылып жатқан ірі кен алаңдары да жоқ. «Қара алтынның» өзіндік құны да өсуде. Жылдық бюджет те, бизнес-жоспар да «Ембімұнайгазға» қай бағытта қозғалу, болашақта қандай проблемалар кезігуі мүмкіндігін және қандай жобаларға қаражат салу керектігін көрсетпейді. Олардың ешбірі де жалпы көріністі бермеді. Ал, біз болашағымызды бүгіннен бастап ойлауымыз керек. Сондықтан да, алдағы күннің болжамын бүгін жасап қоюымыз шарт.

Бекітілген Даму тұжырымдамасы негізінде геология, газды өңдеу және қадеге жарату, өндірісті автоматтандыру салалары бойынша жақсы жобалар ұсынылып, қазіргі таңда осы бағытта жұмыстар жүріп жатыр. Мысалы, геология бағыты бойынша Тайсойған блогында кен алаңдары ашылды. Газ, өндірісті оңтайландыру бағыттарында да алға басулар бар. Компания әр кен орны бойынша оңтайландыру жұмыстарын қолға алуда. Бір сөзбен айтқанда, аталған Тұжырымдама Компания басшылығына өндірісті оңтайландыру шараларының бағыттарын айқындауға, ал, қаржы блогына жобалардың экономикалық тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді. Ал, бұл – қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе. Кез келген жобаны бастамас бұрын экономикалық тұрғыда тиімділігін анықтап алуымыз қажет. Яғни, жобаның сапалық тиімділігі ашық көрсетіліп, кен алаңдарындағы жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға мүмкіншілік болған жағдайда ғана біз бұл жобаны жүзеге асырамыз.

- Осы Даму тұжырымдамасын ембілік жұмысшыларға түсіндіру мақсатында өндірісті аралап, өндірістік басқармалар ұжымдарымен кездестіңіздер. Ұжым қалай қабылдады?

- Расында, көбі таңданыс білдірді. Өйткені, күнделікті жұмысын жасап

жүріп, қазіргі қарқынмен 10 жылдан кейін Компанияның барар жерін көбі ойла-маса керек. Бүкіл мәлімет, картина көз алдарына келгенде көптеген мамандар өздерінің таңданыстарын жасырмады. Жалпы алғанда ұжым түсіністікпен қарады. Ембінің бірге өркендеуіне атсалысуға дайын екендерін білдірді. Бастысы бизнес-бастамаларды сәтті жүзеге асыру. Бірлік болса, алынбайтын қамал жоқ.

- Өзіңіз айтып өткендей, департамент қызметінің бірі – жобаларды басқару. Қазіргі уақытта бұл жұмыс қалай жүзеге асуда?

Компанияның Даму тұжырымдамасы бекітілгеннен кейін, біз ЕМГ-де жобаларды басқаруды енгіздік. Ол бойынша Даму тұжырымдамасына енген барлық жобаларға үнемі мониторинг жүргізіледі және Басқарма мүшелері мен басқарушы директорлар төрағалық ететін жобалау комитетінде қаралады.

Біз өзге департаменттерге жобаны жүзеге асыруды бастау үшін құжаттарын – жарғы, куәлік, күнтізбелік жоспарын дұрыс жасақтауға көмектесеміз. Әр жобаның жүру деңгейін бақылап, туындаған мәселелерді шешу жолдарын басшылықпен бірігіп шешу үшін толық әдістемені ұсынамыз.

Егер бұрын біз әрбір жоба бойынша тұсаукесерді қағаз жүзінде дайындаған болсақ, бүгінгі таңда жобаларды басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі «Авантаны» енгізу жұмыстары аяқталып келеді. «Аванта» - әр жобаға мониторинг жүргізу және сол жоба жөнінде жедел ақпарат алуға мүмкіндік беретін бағдарлама.

- Биылғы жылы Сіз жетекшілік ететін департаменттің аталған жобалардың алға басуына ықпалы қандай болды?

Биыл мұнай және газ өндіру департаменті, инвестициялық талдау департаментімен бірігіп Сорпа-компрессорлық құбырларды кешенді басқару және жалға беру жобасын бастап, жан-жақты саралау жұмыстарын жүргіздік. Осыған орай, биыл ұзақ мерзімді келісімшарт жасалды.

Сонымен қатар, әлеуметтік саясат және инфрақұрылымды басқару департаментімен бірігіп, жатақханаларға кешенді қызмет көрсету жобасын бастадық. Бұған дейін жатақханалардағы тұрмыстық қызметтерді бірнеше компания атқарып келген болатын. Бұл өз кезегінде қиындықтар туғызбай қоймады, атап айтқанда, компаниялардың көп болуы олардың жұмысқа деген жауапкершілігін төмендетіп, салғырттық, қателіктер орын алуы жиіледі. Ал, бүгінде, тұрмыстық қызметтерді тек бір ғана мердігер компанияға жүктеу арқылы мұндай кемшіліктерді жойдық десек те болады.

Бұл жұмыс барысын қиындатып жіберді, атап айтқанда, әрқайсысы өз міндеттерін тапсырылған деңгейде атқара алмай, нәтижесінде жауапкершілікті

бір-біріне сілтеп, бастарын алып қашатын. Ал, қазір мұндай қиындықтан арылу мақсатында көгалдандыру, тазалық, жәй жөндеу, т.б. жұмыстарының бәрімен енді бір мердігер компания айналысатын болады.

Тағы бір айта кетерлік жаңалығымыз, біздің департаменттің бастамасымен «Биоәжетхана» шағын жобасы да іске аса бастады. Қазіргі таңда бұл шағын жоба барлық өндірістік бөлімшелерге пилоттық режимде енгізілді. Жалпы алғанда, 183 биоәжетхана орнатылды. Бастысы, бұл әжетханалар біздің жеке меншік емес, мердігер мекемелер арқылы алынды.

Аталған жобаның мақсаты – кен орындарында, оның ішінде шалғайда орналасқан жерлерде тұрмыстық жағдайды жақсарту болып табылады. Сонымен қатар, біз ӘСЖНИБД-мен бірлесіп әжетханаларға жүргізілетін тазалық сапасына мониторинг жүргіземіз және жұмыскерлердің әжетханалар модельдері бойынша ұсыныстарын да ескереміз.

Сонымен қатар, біз Qlick sense аналитикалық бағдарламалар жобасын енгізу, орындалған жұмыстар/қызметтер актілерінің автоматтандырылған жүйесін келісуді енгізу, энергоаудит жүргізу және т.б. жұмыстарды атқарып келеміз.

- Компаниядағы бойынша тағы бір алға басқан бағыт – бизнес-процестерді стандарттау және оңтайландыру. Бұл жөнінде толығырақ айтып өтсеңіз?

- Кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру тәсілдерінің бірі – бұл бизнес-процестерді оңтайландыру болып табылады. Осыған байланысты Компанияның бизнес-процестерін модельдеу және оңтайландыру жөнінде ауқымды жоба жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда Компаниядағы бизнес-процестердің әр қадамы, ол процестердің иесі, көрсеткіштері, ресурстары ескеріліп «дәл солай» форматында блок-схема жүзінде толық сипатталыну барысында. Бүгінгі таңда Қоғамның аппарат басқармасы мен барлық ӨҚБ бойынша бизнес-процестерді біріздендіру жұмыстары жүргізіліп, сәйкестендірілді.

- Әңгімеміздің соңында, алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз...

- Ең бастысы, қауіптерді басқаруға баса көңіл бөлінетін болады. Өйткені, қауіп кез келген жерде туындауы мүмкін. Осы мақсатта мұндай жағдайларды барынша болдырмай, шешу жолдарын алдын ала қарастыру жұмыстарын нақты қолға алмақпыз. Сонымен қатар, SAP жүйесін жаңартып, Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментімен бірігіп, SAP HCM жобасын, Орталық бухгалтерия мен экономика және бюджеттеу департаментімен бірігіп RPA (роботтандыру) жобасын іске қосу бағытында жұмыстар жоспарланып отыр. Соңғы жоба – статистикалық есеп пен өндірістік есептерді адам күшінсіз арнайы робот-бағдарламалары арқылы жасауға септігін тигізеді: қызметкер уақытын үнемдейді және есеп дереу дайын болады.

Айта кетерлігі, өндіріске еніп жатқан жаңалық - өзгерістерді әркім әртүрлі қабылдайды. Бұл орайдағы біздің әр бастамамыз Ембі өндірісінің тиімділігін арттыруға, шығынды азайтуға және қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталып отыр. Сондықтан, осы бағыттағы жұмыстарымызды қашанда бірлікпен, табандылықпен қызмет етіп келе жатқан ұжымымыз қолдайды әрі түсіністікпен қарайды деп сенеміз. **Б**

- Сұхбатыңызға рахмет!

Табыстың кепілі – татулықта

«Компания құндылығы, ұжымішілік коммуникация және мотивация» атты семинар жылыойлық мұнайшылар арасында өтті.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен алаңында өткен «Компания құндылығы, ұжымішілік коммуникация және мотивация» атты мұнайшылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатындағы бір күндік семинарға басқарманың барлық цехтарынан 40 шақты мұнайшы қатысты. Компанияның Қоғаммен байланыс қызметінің ұйымдастыруымен болған семинар барысында мұнайшылар әріптестер арасында тиімді қарым-қатынас орнатудың, топпен жұмыс істеудің, бір-

өзгелерге тиімді жеткізе білу, әріптеспен өзара байланыс орната білу сияқты мәселелер бойынша әр түрлі практикалық тапсырмаларды орындау арқылы семинардың алдына қойған мақсатынан табылуға жұмыстанды. Шара барысында ұжымда орын алған қандай да мәселені тиімді шешуде көшбасшылық қасиетті қалыптастыру, әріптестер арасында тиімді байланыс орнату арқылы ортақ келісімге келудің маңыздылығы, топпен жұмыс істеуге мүмкіндік орнату қағидаттарын мұнайшылар өздеріне берілген тапсырмаларды орындау арқылы көз жеткізді, ұғынды.

Енді семинар жұмысына қатысқандардың пікіріне құлақ түрсек...

Еркін Қаленов, Газ дайындау және күкірт алу цехының инженер-энергетигі:

- Бұған дейін де жас мамандар арасында ұйымдастырылған тимбилдинг, тренингтерге қатысып жүрдім. Алайда, әр шараның өзіндік ерекшелігі бар ғой. Бүгінгі Компанияның құндылықтары мен ұжымдағы ішкі байланысты нығайтуға арналған семинардың ұйымдастырылу барысында маған ұнағаны тәжірибеге баса көңіл бөлінді. Шынын айту керек, үнемі теориядан, оқудан, сызудан адам баласы кей кездерде жалығады, сондай кездерде практикалық тапсырмалардың тиімділігі екі еселене түседі десем артық болмас. Әріптестер арасындағы әр түрлі ситуациялық жағдайларды реттеу,



бірлеріне деген сенімділікті арттыру мен қандай да мәселе болмасын ортақ келісімге келе отырып тиімді шешуге қол жеткізудің жолдарын үйреніп, ұғынды.

Бүгінгі таңда ұжым ішілік коммуникацияны нығайту өзекті мәселенің бірі. Қандай да проблема болмасын бірлесе отырып шешу арқылы тиімді жұмысқа, еңбек өнімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік болатыны даусыз. Бұл орайда, Компанияның құндылықтары мен тиімді байланыс орнатудың қағидаларын жете түсіндіру мақсатындағы бір күндік семинарға басқармаға қарасты барлық цехтардың басшылары, өндіріс шеберлері мен әріптестері арасында көшбасшы қасиетімен ерекшеленген мұнайшылардың шақырылуының да орны бар. Ұжымдағы жақсы атмосфераны қалыптастыруда көбіне-көп ықпал ететіндер - үнемі жандарынан табылатын орта деңгейдегі басшылар мен көшбасшылық беделге ие болған мамандар.

Атырау облысы бойынша жоғарыда аталған тақырыптар аясында семинар, мастер-класс, тренинг ұйымдастыруда мол тәжірибе жиған спикерлер Әнуар Жұмабай мен Нұрлан Азаматов семинарға қатысушылар алдында қиын жағдайларда дереу жол табу, топпен жұмыс істеу, естіген ақпаратты дұрыс қабылдау және оны



ұжымішілік байланысты жақсарту суге арналған жаттығулар көп болды, сонысымен ұнады. Бір басқармада еңбек етсек те, бір-бірімізбен әңгімелеспек түгілі, аты-жөнімізді де біле бермейді екенбіз. Осы семинарда әр цехтан келген 40 әріптес өте жақсы таныстық. Бір ұжым екенімізді сезіндік. Топқа берілген тапсырманы бірлесе отырып, кеңесіп шештік.

Бұл семинардан не алдым дейтін болсам, ақпаратты дұрыс қабылдаудың қаншалықты маңызды екенін сезіндім. Дұрыс қабылданған ақпарат екінші адамға да дұрыс жетеді. Ұжымдағы келіспеушілік, бір-бірімізді түсінбей жатуымыз кей кездерде бізге мәліметтің жөнді жетпей жататындығынан да болады. Ақпаратты қабылдау бар да оны жеткізу бар. Мен енді естіген ақпаратымды әбден іштей «қорытып» алмай таратпайтыным анық. Өзім жете түсінген ақпаратты, оның дұрыстығына әбден көзім жеткенде ғана әріптестеріме таратамын.

Айгүл Ермұханбетова, Ұңғыларды зерттеу жұмыстары цехы бастығының орынбасары:

- Ембі өндірісіндегі еңбек өтілім - 31 жыл. Бұл семинардың маған ұнаған тағы бір тұсы - өндірістің нақ ортасында өтуі, ұйымдастырушылар қарапайым еңбек адамдарына бір табан жақындай түсті. Сол үшін алғысым шексіз. Ұжымдағы татулықты күшейту, байланысымызды нығайту, компанияның құндылықтарын бағалау-барлығымыз үшін маңызды. Ұжымда түсініспеушіліктің орын алып жататыны рас. Себебі де сан алуан. Ең бастысы, осы олқылықтың біздің тек еңбегімізге ғана емес, өмірімізге де қаншалықты залалы көп екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Татулық, ауызбіршілік- табысты еңбегіміздің бастауы деген оймен тарқастық. Мен өзім еңбек ететін ұжымға осы залда естіген құнды кеңестерді жеткізуге асығып отырмын. Бүгін бір басқармада еңбек етіп жатқан өзге цехтардың мамандары танысып, біліссек, енді өзге басқармадағы әріптестерімізбен семинар, тренинг алаңында кездессек дейміз.

Бақтығали Ізбасаров, С.Нұржанов кен алаңындағы №1 цехының шебері:

- Ембі өндірісіне дейін шет елдік компанияларда еңбек етіп келдім. Мұнай-газ саласында жиған біраз еңбек тәжірибем бар. Ембіге келгелі мұндай шараға алғаш қатысып отырмын. Өза-

ра қарым-қатынасты реттеу, ішкі байланысты нығайту мақсатындағы семинар өте жақсы ұйымдастырылды. Қатысушылар цех басшылары, жауапты мамандар, лидерлер десек те, олардың жас ерекшеліктері әр түрлі. Алайда, спикерлер барлығымызды ұйыта білді. Тапсырмалары да бір-біріне ұқсай бермейтін қызықты болды. Тәжірибелік бөлімнің көптеу болғаны көпшілігіміздің көкейімізге қонды. Ембі - осында еңбек ететін төрт мыңнан астам адамның ортақ үйі. Ортақ мекенімізде татулық, ауызбіршіліктің болуы барлығымызға да байланысты.

Артур Дингалиев, Прорва мұнайгаз өндіру цехының 2 категориялы геологы:

Ұжымдағы татулықты нығайтуды көздеген семинардың өндірісте ұйымдастырылғаны өте орынды шешім дер едім. Семинарда кездескен 40 адам алғашында бір-бірімізбен селқос қана амандассақ, бір күндік семинардан соң көптен танитын адамдардай құшақтасып қоштастық. Татулық бар жерде ешқандай ұрыс-керіске орын жоқ қой. Кез-келген ұжымда даулы мәселелер болатыны рас, сол дауды айқай-шуға ұластырмай дер кезінде шешу - татулықтың кепілі. Семинар барысында әріптестер арасындағы осындай мәселелерге арналған тапсырмалар көптеп берілді. Күнделікті естіп жататын ақпаратты дұрыс қабылдап, өзгелерге тарату жәйі де ұғынулықты тілмен жеткізілді. Мен Компаниядағы жас маманның бірімін, мұндай шараларға қатысып жүрмін. Алайда, семинарға алғаш рет қатысып отырған әріптестерімді көрдім. Олар үшін бәрі де жаңалық болды. Олқылықтың орнын толтыру үшін осындай шараларды өндіріс ортасында жиірек ұйымдастырса көпшіліктің көкейінде сауалдарға нақ жауап болар еді.

Түйін.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңында өткен «Компания құндылығы, ұжым ішілік коммуникация және мотивация» атты семинардың соңында барлық қатысушыларға сауалнамалар таратылып, олардың ұжымдағы ахуал, мұнайшылар арасындағы өзара қарым-қатынастың деңгейі, ұжымды алаңдатқан қандай мәселелер бар, мұнайшылар болашақта қандай тақырыптарда кеңестер, түсіндірме жұмыстарын күтеді және т.б. мәселелер бойынша ой-пікірлері мен ұсыныстары жинақталды.

Семинар соңында қатысушылар арнайы сертификаттармен марапатталды. **Е**

Жұмыскерлер сұрақтарына жауап

1. Е. Сарсеев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Уаз, Қондыбай мұнай және газ өндіру бөлімшесінің мұнай-газ және конденсат өндіру жөніндегі шебері:

Сұрақ: Уаз, Қондыбай мұнай және газ өндіру бөлімшесінің штат кестесінде жұмысшы агентті қабатқа сіңіретін насос стансасының машинисі мамандығы болмауына байланысты, Уаз бөлімшесінің су айдау ұңғымаларына сұйықтықты айдауға, автоцестерналарға КБС 1, 2, 3, 4 сыйымдылықтарынан және жерасты сыйымдылығынан айналма құбыры арқылы айдау кезінде, пайдаланылатын НБ-125 №4,5 және НБ-50 №1,2 сораптарының, (ОТС 60-66) №3 ортадан тепкіш сорабының жұмысын қалыпты реттеу, қызмет көрсету және қадағалау міндеті мұнай дайындау және айдау цехының операторларына жүктеліп келеді. Осыған байланысты өзіміздің бөлімшеге қабат қысымын ұстау, 4 машинистке штат ашып беруге ықпал етуіңізді сұраймын.

Жауап: Қазіргі таңда штат бөлу басқарма бойынша бекітілген штат кестесіне және еңбекақы төлеу қоры шеңберінде ғана жүзеге асады. Яғни, ол дегеніміз өндірістік процестерді қарап, жұмыс қарқынына байланысты жұмысшыларды қажет ететін өндірістерге орналастыру арқылы жүреді. Осының бәріне талдау жүргізілсе қызметтік жазба арқылы өздеріңіздің кадр бөліміне ұсыныс бересіз. Бұл ұсынысыңыз алдымен «Қайнармұнайгаз» басқармасының өндірістік қызметкерлерімен қаралу керек, егер ол техникалық тұрғыда негізделсе, ұсыныс одан әрі «Ембімұнайгаз» АҚ-на түседі. Сонымен қатар, айта кететін жағдай, былтыр осы Уаз, Қондыбай мұнай-газ өндіру учаскесінде жүргізілген хронометраж жұмыстарының нәтижесі бөлімшедегі жұмысшылар санының жеткілікті екенін көрсеткен.

2. Е.Жұмашев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 мұнай-газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру операторы:

Сұрақ: разрядты көтеру үшін біліктілік емтиханын тапсыру үшін цех бастығының мінездемесі қажет пе?

Жауап: Иә, қажет. Себебі әрбір жұмыскердің жұмысқа деген көзқарасы, қабілеттері, мүмкіндіктері, ең алдымен цех бастығына белгілі. Соған байланысты цех бастықтары қолдау білдірген жұмыскерлер ғана разрядын көтеруге біліктілік емтиханына жіберіледі, бұл – қағиданың бір талабы.

3. Н.Балманов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №5 мұнай-газ өндіру цехының 5 разрядты мұнай-газ өндіру операторы:

Сұрақ: Балаларға мектепалды даярлыққа берілетін ақшаға отбасында неше баласы бар адамдар тиесілі және бұл қашан беріледі? Яғни, жылдың қай кезінде де ала беруге бола ма?

Жауап: Егер отбасында мектеп жасындағы 4 бала болса, мұндай ата-аналарға мектепалды даярлыққа берілетін ақша тиесілі. Ал, ақшаның берілер мезгіліне келер болсақ, арыздар комиссиямен 1 қыркүйек оқу жылы басталғанға дейін қаралып берілгені дұрыс.

4. Атабек Сарсенов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөліктер колоннасының жөндеушісі:

Сұрақ: Жөндеу кезінде арнайы киімді 6 ай ішінде 2 рет аламыз. Арнайы киім тез жырытылып, жарамсыз болып қалады. Киімді жиі алуға бола ма?

Жауап: Компанияның ЭМГ104-15-02 ішкі құжатына сай жұмыстың қиындығына орай, автокөліктердің жөндеушісіне арнаулы киімге қосымша бір реттік комбинезон беріледі.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөліктер колоннасының өндеушілері 2019 жылдың 1-жарты жылдығында 296 комбинезонмен қамтылды. Яғни, басқармада еңбек ететін 148 жөндеушіге екі комбинезоннан берілген. Аталмыш басқарманың комбинезонмен қамту жөніндегі 2019 жылдың жоспары толықтай орындалды.

5. Нұрлан Идрисов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ жерасты жөндеу бригадасының операторы:



Сұрақ: Арнаулы киімдерді размерімен беруге болмай ма? Жұмыс киімінің қатты ластануына байланысты бір реттік киім мен резин қолғабы жиірек берілсе екен.

Жауап: 25.09.2018 ж. № 3003 құжатында сіздің размеріңіз 56 деп көрсетіліп, 2018 жылдың қазан айында осы размердегі киімін алды. 2019 жылы Н.Идрисов өзіне 58 размер киімнің керек екендігін айтып, журналға қол қойды. Керек киімін жоспарға сай 2019 жылдың қазан айында уақытымен алады. Басқарманың 2019 жылғы бюджетіне 3342 қолғап деп салынған. Ағымдағы жылдың 7 айдың қорытындысында 1417 қолғап алынды. 2019 жылдың жоспарында полимерлік материалдан қорғаныш жамылғысы бар 3216 қолғап қаралған. 7 айдың нақты есебінде 1601 қолғап алынды. ЭМГ104-15-02 ішкі құжатқа сай жыл ішінде 24 (пар) қолғап берілуі тиіс.

6. Н. Құдайбергенов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Ш.Мақат кен орнының 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы:

Сұрақ: Арнаулы киімдер бір данадан беріледі. Бірден қор (запас) жасап, екі данадан алуға бола ма? Сонымен қатар, инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылардың арнайы киімдерді пайдалану мерзімін өзгертуге бола ма?

Жауап: Мұнайшы үшін екінші киімнің қаражаты ҚР Салық кодексіне сай, қайтарымсыз алынған мүлік ретінде және табыс пен әлеуметтік салық үшін әлеуметтік және зейнетақы аударымдары болып есептелетін нысан деп қаралады. Бұл орайда, екінші киімді берерде бекітілген салық заңнамалары бойынша жұмысшы шығындарды көтеруге тиісті

болады. Осыған орай, екінші киімді беру туралы мәселе бүгінгі таңда қаралуда.

7. С.Орынтаева, МГӨБ жылу қазандығының операторы:

Сұрақ: Менің аяғыма келетін кішкентай размер аяқ киім жоқ (36 размер), өзім сатып алған аяқ киім ескіріп жатыр. Бұл жөнінде басшыма ескертілді. Алайда, содан бері 1 жыл уақыт өтті, әлі мәселе шешілген жоқ.

Жауап: Жауапты бөлімнің сұранысы бойынша 2019 жылдың маусым айында сіз үшін 36 размерлі жазғы аяқ киімнің алынғандығы жөнінде тіркелінген. Сұраныс 31.07.2019 ж. жеткізілді. Арнаулы аяқ киім оған вахтаға шығар кезде беріледі.

8. Т.Мерібаев, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының жүк тиегіш жүргізушісі:

Сұрақ: Бұрын еңбек демалысы 36 күнге беріліп жүрді, үш жылдан бері демалыс уақыты 24 күннен болып өзгертілді. Оны бізге «жұмыс орнын аттестациялау қорытындысының нәтижесінде зиянды фактордың анықталмағандығынан кесіп тасталды» деп түсіндірді. Аттестация жүргізгенде біз болған жоқпыз, ол қалай анықталған?

Жауап: 2010 жылы жұмыс орнына жүргізілген аттестациялаудың (жұмыс орнында өлшеу құрал-саймандардың қауіпті/зиянды факторлары) қорытындысында демалысқа қосымша күндер қосу туралы және өзге де өтемақы шаралары қаралды. ҚР заң талаптарына және Қоғамның бекітілген жұмыс жоспарына сай 2015 жылы «ЭКО ЭКС-ПЕРТ» ЖШС-гі (№ 508-104 17.04.2015 ж.) «ӨТҚЖЖК» басқармасында жұмыс орындарына аттестация жүргізді. Аталмыш жұмыс ҚР заңнамалық құжаттарының талаптарына сай жүрді. Аттестация комиссиясының құрамына цех бастығы, кәсіподақ ұйымының өкілі кірді. Жұмыстың қорытындысында аталмыш жұмыс орнында қауіпті/зиянды факторлардың жоқ екендігі анықталды. Қосымша төлемдер сондай-ақ, демалыс күндерін азайту жағына қарай түзету жүргізілді.

2020 жылы ЕМГ-нің барлық жұмыс орындарында аттестация жүргізу жоспарлануда. Жұмыс орнында қауіпті өндірістік факторлар анықталған жағдайда Т.Мерібаевтың демалысына қосымша күндер қосу жайы қаралатын болады. **Е**

Мұнайшы қыз

Сөйлеу мәдениеті - әлеуметтік мәртебе

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен бір топ мұнайшы қыз Алматы қаласында өткен «Харизматикалы шешен» атты тренингке қатысып қайтты. Аталмыш шараның мақсаты – мұнайшы қыздар арасында көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін дамыту, ақпаратты дұрыс қабылдау, оны аудиторияға (көпшілікке) тиімді жеткізе білу, сауатты түрде презентация жасау және оны қорғау біліктілігі, күтпеген сауалдарға дереу әрі дұрыс жауап дайындау немесе аудиториямен жұмыс істеуге дағдылану бойынша кеңестер беру.

Тренингтің бірінші күнінде «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова клуб жұмысына қысқаша тоқталып өтті.

- Мұнайшы қыздардың өздерін ұдайы жетілдіру, өзіндік бағалауын қалыптастыру, өздеріне деген сенімділіктерін арттыру мақсатында біздің клуб үздіксіз жұмыстар жүргізіп келеді. Адамзаттың өзін-өзі ұдайы дамытуы – бүгінде өзекті мәселенің бірі. Себебі, өзіне деген сенімділігі жоғары, өз жұмысын жоғары деңгейде бағалайтын, ортамен жақсы қарым-қатынастағы маман-қызметкер табысты еңбегімен ерекшеленеді. Бұл – тұтас кәсіпорынның қызметіне әсер ететін негізгі фактордың бірі, - деп атап өтті өз сөзінде Рысты Нұрғалиқызы.

Компанияға қарасты барлық басқармаларда еңбек етіп жатқан 15 мұнайшы қыз 32 сағатқа ұласқан тренингте теориялық кеңестер алып, оны тәжірибеде шебер ұштастырудағы тапсырмаларды

орындады. Топ болып жұмыс істеудің, ұжымдағы қиын жағдайлар туындай қалған сәттерде бірлесе отырып тиімді жол табудың жолдарымен танысты. Ұжымдағы әріптестер ортасында жақсы қарым-қатынас орнату, жұртшылық

алдында еркін сөйлеу, берілген нақты тапсырмалар бойынша аудиториямен жұмыс істеу тәсілдерін меңгерді.

Тренингтің соңғы күнінде мұнайшы қыздар арнайы сертификаттармен марапатталды. **Е**



Өнері төрлеген ұжым

Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік басқармалары арасында өткізіліп жатқан мәдениет күндерін «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұжымы жалғастырды.

Еділ мен Жайық арасының қазынабайлығын халықтың игілігіне жаратып келе жатқан аталған басқарманың өз алдына шаңырақ көтергеніне жартығасырға жуық уақыт өтті. Бұл тарих үшін аз уақыт көрінгенімен, сол аралықта бірнеше ғасырларға жалғасатын та-

лай ұрпақ көшімен алға асатын күрделі істер жасалды. Мәдениет күндері аясындағы концерттік бағдарламада осы жетістіктер айқын аңғарылды.

Концерттік бағдарлама шымылдығы көрініспен ашылып, басқарма экономисі Нұржан Нұрланұлы мен еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік инженері Дидар Дәулетовтің орындауындағы «Мұнайлы өлке» әнімен жалғасты.

Кейін сахна төрінен табылған басқарманың зейнеткерлерінен құралған домбырашылар ансамблі, вокалды-

аспаптар ансамбль, фольклоры ансамбльдің өнеріне көрермендер үлкен ықыласпен қошемет білдірді. Қазақстан мұнайының 120 жылдығына шығарған өлеңін оқыған Жарқын Темеев, «Қарғам-ау» әнін орындаған Рахымжан Абенов, «Аяулым ана» әнін орындаған квартеттің өнері, жас мамандар ұсынған әзіл-сықақ қойылымы мен би көптің көңілінен шығып, мәдени кеш шырайын арттыра түсірді.

Мәдениет күндері аясында ұйымдастырылған көрмеге №5 мұнай

және газ өндіру цехының операторы, суретші, дизайнер Ораз Төлешевтің суреттері мен комендант Ардақ Уапованың қолөнер бұйымдары ұсынылды.

Шара соңында қазылар алқасы байқау талаптарын толық орындап, барлық жанрды қамтыған жайықтық мұнайшылардың өнеріне ризашылығын білдірді. Соның ішінде, жастар биі, домбырашылар ансамблі мен вокалды-аспаптар ансамблінің өнерлерін жоғары бағалады. **Е**



Жанды дауыстағы өнер кеші

Мәдениет күндері аясында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің концерті де өзіндік ерекшелігімен өтті.

Айта кетейік аталған басқарма ұжымы кәсіби білікті мұнайшыларымен ғана емес, жезтаңдай әншілерімен де мақтана алатынын баршаға белгілі. Т.Көрпебаев, З.Мирманова, Б.Шұдабаев, Д.Блялов, Қ.Смайлов, Е.Дюсеновтер «Ақжайық», «Терең – Өзек», «Көзімнің қарасы», «Мұнайшы қыз», «Іңкәрім», «Ағады Жайық», «Мұнайлы» және басқа да тамаша әндерімен көрермен жүрегіне бірден жол тапты. Ал, мың бұралған бишілер А.Нұрмұханова, А.Құрманова, Г.Алдашбаева, М.Измағамбетова, Ж.Шақпақова, Г.Нұрбергенованың өнеріне жиналған жұрт тәнті

болып, қошемет білдірді. Әсіресе, лэдшоу стиліндегі би жоғары бағаланды.

Г.Сәлімгереев, И.Исықбаев, Қ.Шаңқанов қойған әзіл қойылымдар да көрерменді бір серпілтіп тастады. Қ.Құлбалиев пен Г.Алдашбаеваның гитара мен домбыраның үндерін біріктіріп орындауындағы тартуы да үздік шыққан нөмірлердің бірі болды.

Сондай-ақ, ұжымның Тәуелсіздік мерекесіне орай қойған қойылымдары әсіресе, мұнайшылардың әртістерді, соның ішінде, Қ.Рысқұлбековтің рөлін сомдауы өте сәтті шықты.

Басты айта кетерлігі, әндерді музыкалық сүйемелдеген вокалды-аспаптық ансамбль өнері ерекше бағалауға ие болды. **Е**



Шымырлық пен ептілік турнирі

«Ембімұнайэнерго» басқармасының 20 жылдығына орай бірқатар іс-шаралар жоспарланды. Соның ішінде, іс-шаралар легі басқарма цехтарының қызметкерлері арасында кроссфит турнирінен бастау алды.

Турнирдің ашылу салтанатында «Ембімұнайэнерго» басқармасының басшысы Жәнібекбай Төлегенов, басқарманың кәсіподақ ұйымының жетекшісі Сүндет Шеруенов сөз сөйлеп, мерекемен құттықтады. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

- Биыл еліміздің мұнай-газ саласы үшін елеулі жыл. Қазақтың кең даласындағы жер қойнауынан «қара алтын» табылғанына 120 жыл толып отыр. Біздің басқарманың 20 жылдығы осы мерейтоймен тұспа-тұс келіп отыр. Ембі өндірісінде энергетиктердің алар орны өте зор. Кәсіби мереке құтты болсын, - деді басқарма басшысы Жәнібекбай Сатыбалдыұлы.

Ембі тарихында тұңғыш рет ұйымдастырылған турнирге 16 жұмыскер (8 жұп) қатысып, жарыс жолында небір қиын сынақтардан өтті. Күш пен ептілік,

төзімділік сарапқа салынған турнир ережесіне сәйкес, қатысушылар жарыс алаңында 7 кедергіні еңсеріп өтуі тиіс болатын. Ең бастысы, уақыт сарапқа салынды. Яғни, энергетиктер физикалық белсенділіктерін көрсетіп қана қоймай, тез қимылдаулары да шарт болды.

Басқарма басшылығы жігіттердің жеңіске деген жігерлерін жоғары бағалады. Жарты күнге созылған жарыс нәтижесінде бірінші орынға 5:34 уақыт көрсеткішімен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ «Кенбай» электр торабының

электр монтері Аманбай Шабай ие болды. Екінші және үшінші орынды Ержан Сармолдиев (6:07), Аманжан Абдошев (6:20) жеңіп алды.

- Тартысты турнир өте жақсы деңгейде өтті. Біздің жұмысымыз үнемі физикалық белсенділікті талап етеді. Өзім спортты жақсы көремін, бірақ, кәсіби түрде айналысқан емеспін. Мен үшін 7 кедергінің ішінен ең қиын болғаны - автокөлік сүйреу. Мені жеңіске намыс және әріптестерімнің қолдауы жетеледі, - деді жарыс жеңімпазы Аманбай Шабай. **Е**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

Ө.Жақсыбеков – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Құтжанов – өндіріс жөніндегі басқарушы директор;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді басқару және

еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

И.Сарыбеков – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ө.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі